



**ШЕШІМ**

12.04.2023

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

23/2-VIII

№

город Астана

**«Астана қаласы бойынша  
Тексеру комиссиясы» мемлекеттік  
мекемесінің Ережесін бекіту туралы»  
Астана қаласы мәслихатының  
2022 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 248/32-VII шешіміне өзгерістер  
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №5 «Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» Жарлығына, «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2023 жылғы 24 ақпандағы №8-НҚ нормативтік қаулысына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1.«Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 248/32-VII шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

мәслихаттың көрсетілген шешімімен бекітілген «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15–тармақтың 3) тармақшасы, 17-тармақтың 11) тармақшасы, 18- тармақтың 14, 15) тармақшасы, 20, 31, 38, 39 -тармақтары өзгертілсін және мынадай мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

«15 - тармақтың 3) тармақшасы жергілікті бюджеттердің атқарылуын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау және бағалау;

17- тармақтың 11) тармақшасы келісім бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) және басқа да мемлекеттік органдармен бірлескен немесе қатар тексерулер жүргізуге қатысады ;

18 - тармақтың 14) тармақшасы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Үйлестіру кеңесі шешімдерін орындауды және Жоғары аудиторлық палатаға тиісті ақпараттың ұсынуды қамтамасыз етеді;

18 - тармақтың 15) тармақшасы Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салуы бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы ақпарат ұсынады ;

20 - тармақ Мәслихат Жоғары аудиторлық палатаның ұсынысы және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша Тексеру комиссиясының Төрағасын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады ;

31 - тармақ Тексеру комиссиясының қызметі Тексеру комиссиясының Төрағасы бекітетін тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларына негізделген Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салуларын, тиісті мәслихаттардың шешімдерін және Тексеру комиссиясы Төрағасының бастамасын қоспағанда, Тексеру комиссиясының тиісті жылына арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізуге жол берілмейді ;

38 - тармақ жыл сайын Жоғары аудиторлық палата бекітетін Тексеру комиссиясының мәслихаттарға жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында айқындалған нысан мен құрылымға сәйкес, Тексеру комиссиясы жыл сайын есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасайды және мәслихаттардың қарауына ұсынады ;

39 - тармақ Жоғары аудиторлық палата бекітетін Тексеру комиссиясының Жоғары аудиторлық палатаға ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында айқындалатын нысан мен құрылымға сәйкес Тексеру комиссиясы тоқсан сайын есепті кезең үшін Жоғары аудиторлық палатаға өз жұмысы туралы ақпарат ұсынып отырады.»

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**



**Е. Каналимов**